



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Н.Ж. Ожаевқа

2021 жылғы 06 қазандағы
№ДС-296 депутаттық сауалға

Құрметті Нұрлыбек Жұмахметұлы!

Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарлама Жол картасының (бұдан әрі - Жол картасы) 3 500 ауылды жаңғырту жөніндегі 274 тармағының орындауға қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Еліміздің ауылдық аумақтарын және агроөнеркәсіптік кешенін дамыту ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауда бірінші дәрежелі рөл атқарады.

2019 жылғы 27 ақпанда Елбасының Nur Otan партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасына сәйкес 2019 жылдан бастап «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру басталды.

Жобаның мақсаты ауылдағы өмір сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту болып табылады.

Қазіргі уақытта 6 316 ауылдық елді мекенде (бұдан әрі - АЕМ) 7,7 млн. адам тұрады. Оның ішінде даму әлеуеті бар 3 561 АЕМ, оның ішінде 1 173 тірек және 2 388 спутниктік АЕМ.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру шеңберінде 2019-2020 жылдары даму әлеуеті бар 243 ауылда 1 510 жоба (жолдар, әлеуметтік инфрақұрылым, ТКШ) іске асырылды, 15,0 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, 1,9 мың км. астам автожол, 0,7 мың км. инженерлік желілер және 418 әлеуметтік нысан жаңғыртылды.

Жалпы республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі екі жылда 110 млрд. теңгені құрады.

2021 жылы 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыруға республика бойынша 361 жобаға 35,2 млрд. теңге бөлінген болатын.

Сонымен қатар, Nur Otan партиясының 135 млрд. теңгеге 480 АЕМ жаңғырту бойынша сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың маусым айында республикалық бюджетті нақтылау кезінде 779 жобаны іске асыруға қосымша 70,8 млрд. теңге бөлінді.

Осылайша, 2021 жылы нақтылауды ескере отырып, 480 АЕМ (323 тірек және 157 спутниктік) 1 140 жобаны іске асыруға 106 млрд. теңге бөлінді.

Анықтама ретінде:

302 әлеуметтік инфрақұрылым бойынша (132 мектеп пен балабақшаны жөндеу, 64 мәдениет объектісінің, 66 спорт объектісінің және 40 денсаулық сақтау объектісінің құрылысы және жөндеу жұмыстары), 122 – ТКШ объектілері бойынша, 716 – көлік инфрақұрылымы бойынша.

Қалған 29 млрд. теңге сомасына қолдау таппаған жобалар «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде (5,3 млрд. тг. 34 жоба), Жұмыспен қамту жол картасы (1,7 млрд. тг. 11 жоба), сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен (22 млрд. тг. 200 жоба) іске асырылуда.

Бөлінген қаражат шеңберінде шамамен 12 мың жұмыс орны құрылды және 1,6 мың км. автожол, 1,3 мың км. инженерлік желілер және 302 әлеуметтік объект жаңғыртылуда.

Қазіргі уақытта ауылдарды жаңғырту жөніндегі іс-шараларды одан әрі іске асыру үшін 2022 жылға арналған республикалық бюджет жобасында 100 млрд. теңге көзделген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне сәйкес негізгі міндеттерінің бірі инфрақұрылымдық мәселелерді кешенді шешуді дамыту арқылы ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту болып табылатын «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жоба (бұдан әрі - Ұлттық жоба) қабылданды (12.10.2021 жылғы №792 ҚРҰҚ). Ұлттық жоба шеңберінде 5 жыл ішінде 3 500 ауылдың (тірек және спутниктік) инфрақұрылымын жаңғырту көзделеді.

Сіздің сауалыңызда баяндалған ұсыныстарға қатысты келесіні хабарлаймыз:

1. Партия бағдарламасының мақсаттарын, бюджет жағынан қамтамасыз етудегі олқылықтарды жою және ауылдық өңірлерді қолдау жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу.

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының 274 тармағын орындау жөніндегі Сіздің ұсынысыңызға сәйкес жауаптыларды айқындай отырып және орындау мерзімдерін белгілей отырып, әзірленген іс-шаралар жоспарын жолдаймыз (*қоса тіркеледі*).

Іс-шаралар жоспары мүдделі мемлекеттік органдарға және облыс әкімдіктеріне жұмысқа басшылық жасау үшін жолданатын болады.

2. Бюджетті нақтылау барысында, мерзімінде және мүлтіксіз орындау үшін Жол картасын қаржыландырудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, таяудағы 3 жылға арналған жобалар пулын ұсынуды.

3. Болашақта, жобалау-сметалық құжаттаманы жоспарлау мен әзірлеу үшін қаржыландырудың болжамды лимиттерін өңірлерге алдын-ала жеткізуді.

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының 274 тармағына сәйкес жыл сайын «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде республикалық бюджеттен қаражат бөлу үшін лимит көзделген (2021 жыл – 135 млрд.тг., 480 ауыл, 2022 жыл – 130 млрд.тг., 570 ауыл, 2023 жыл – 180 млрд.тг., 750 ауыл, 2024 жыл – 180 млрд.тг., 800 ауыл, 2025 жыл – 180 млрд.тг., 900 ауыл).

Сонымен қатар, Ұлттық экономика министрлігі жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде облыстардың әкімдіктеріне «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде бюджеттік өтінімдерді ұсыну үшін лимиттерді жеткізеді.

Облыстар бөлінісінде сомаларды бөлу тірек АЕМ жалпы санына, сондай-ақ тірек ауылдарда тұратын халық санына қарай жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, облыс әкімдіктері әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірледі, онда ауыл инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шаралар және оларды кезең-кезеңімен іске асыру мерзімдері көзделеді, бұл алдағы кезеңге арналған жобалардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

4. Өз кезегінде, жергілікті әкімдіктер, облыстық жол карталары мен аумақтарды дамыту бағдарламаларына сәйкес, бюджеттік өтінімдерді әзірлеу жұмыстарын күшейтуді талап етеді.

Облыс әкімдіктерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезінде Nur Otan партиясы облыстық филиалдарының Жол карталары және аумақтық дамыту бағдарламаларының көрсеткіштері ескеріледі.

Жалпы, Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының 3 500 ауылды жаңғырту жөніндегі 274 тармағы Үкіметтің тұрақты бақылауында екенін хабарлаймын.

Қосымша: Іс-шаралар жоспары 4 парақта (мемлекеттік және орыс тілінде)

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары**

Ә. Смайылов



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Ожаеву Н.Ж.

На письмо №ДС-296
от 06 октября 2021 года

Уважаемый Нурлыбек Жумахметович!

Рассмотрев Ваш запрос касательно исполнения 274 пункта Дорожной картой Предвыборной программы партии Nur Otan «Путь перемен: достойную жизнь каждому!» (далее – Дорожная карта) по модернизации 3 500 сел сообщая следующее.

Развитие сельских территорий и агропромышленного комплекса страны играет первостепенную роль в создании благоприятных условий для жизни сельчан.

С 2019 года в соответствии с поручением Елбасы, данным на XVIII съезде партии Nur Otan 27 февраля 2019 года начата реализация проекта «Ауыл – Ел бесігі».

Целью проекта является улучшение качества жизни на селе, модернизация социальной и инженерной инфраструктуры сельских территорий.

В настоящее время в 6 316 сельских населенных пунктах (далее - СНП) проживает 7,7 млн. человек. Из них с потенциалом развития 3 561 СНП, в том числе 1 173 опорных и 2 388 спутниковых.

В рамках реализации проекта «Ауыл – Ел бесігі» за 2019-2020 годы было реализовано 1 510 проектов (дороги, социальная инфраструктура, ЖКХ) в 243 селах с потенциалом развития, создано более 15,0 тыс. рабочих мест, модернизировано более 1,9 тыс. км. автодорог, 0,7 тыс. км. инженерных сетей и 418 социальных объектов.

В целом объем финансирования из республиканского бюджета за два года составил 110 млрд. тенге.

На 2021 год в рамках формирования республиканского бюджета на 2021-2023 годы на реализацию проекта «Ауыл – Ел бесігі» по республике было предусмотрено 35,2 млрд. тенге на 361 проект.

Вместе с тем, в целях исполнения Дорожной карты по реализации предвыборной программы партии Nur Otan по модернизации 480 СНП

на 135 млрд.тенге, при уточнении республиканского бюджета в июне текущего года дополнительно выделено 70,8 млрд. тенге на реализацию 779 проектов.

Таким образом, в 2021 году, с учетом уточнения выделено 106 млрд. тенге на реализацию 1 140 проектов в 480 СНП (323 опорных и 157 спутниковых).

Справочно:

302 по социальной инфраструктуре (ремонт 132 школ и детских садов, строительство и ремонт 64 объектов культуры, 66 объектов спорта и 40 объектов здравоохранения), 122 – по объектам ЖКХ, 716 – по транспортной инфраструктуре.

Остальные не поддержанные проекты на сумму 29 млрд. тенге реализуются в рамках Государственной программы «Нұрлы жер» (34 проекта на 5,3 млрд. тг.), Дорожной карты занятости (11 проектов на 1,7 млрд. тг.), а также за счет местного бюджета (200 проектов на 22 млрд. тг.).

В рамках выделенных средств создано порядка 12 тыс. рабочих мест и модернизируется около 1,6 тыс. км. автодорог, 1,3 тыс. км. инженерных сетей и 302 социальных объекта.

В настоящее время для дальнейшей реализации мероприятий по модернизации сел в проекте республиканского бюджета на 2022 год предусмотрено 100 млрд. тенге.

Вместе с тем согласно новой Системе государственного планирования Республики Казахстан принят Национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны» (далее – Национальный проект) одной из основных задач которой является улучшение качества жизни сельского населения путем развития комплексного решения инфраструктурных вопросов (ППРК №792 от 12.10.2021 года). В рамках Национального проекта в течение 5 лет предполагается модернизация инфраструктуры в 3 500 сел (опорных и спутниковых).

Касательно Ваших предложений изложенных в запросе сообщаем следующее:

1. Разработка комплексного плана по устранению пробелов в бюджетной обеспечении и поддержке целей партийной программы в сельских регионах.

Для исполнения пункта 274 Предвыборной программы партии Nur Otan направляем разработанный План мероприятий по исполнению пункта с определением ответственных исполнителей и со сроками исполнения (прилагается).

План мероприятий будет направлен в заинтересованные государственные органы и акиматы областей для руководства в работе.

2. При уточнении бюджета предусмотреть пул проектов на ближайшие 3 года для своевременного и неуклонного исполнения Дорожной карты с учетом целевых показателей финансирования.

3. В перспективе, предварительное доведение до регионов прогнозных лимитов финансирования для планирования и разработки проектно-сметной документации.

Согласно пункта 274 Предвыборной программы партии Nur Otan ежегодно предусмотрен лимит для выделения средств из республиканского бюджета в

рамках проекта «Ауыл –Ел бесігі» (2021 год – 135 млрд.тг., 480 сел, 2022 год – 130 млрд.тг., 570 сел, 2023 год – 180 млрд.тг., 750 сел, 2024 год – 180 млрд.тг., 800 сел, 2025 год – 180 млрд.тг., 900 сел).

Вместе с тем, Министерством национальной экономики ежегодно при формировании республиканского бюджета акиматам областей доводятся лимиты для предоставления бюджетных заявок в рамках проекта «Ауыл Ел бесігі».

Распределение сумм в разрезе областей осуществляется исходя от общего количество опорных СНП, а также численности населения, проживающих в опорных селах.

Кроме того, акиматами областей разработаны планы социально-экономического развития, в которых предусматриваются мероприятия по развитию инфраструктуры села и сроками их поэтапной реализации, что позволят планировать разработку проектно-сметной документации проектов на предстоящий период.

4. В свою очередь, от местных акиматов требуется усилить работу по разработке бюджетных заявок в соответствии с областными дорожными картами и программами развития территорий.

При рассмотрении бюджетных заявок акиматов областей учитываются дорожные карты областных филиалов партии Nur Otan и показатели программ развития территорий.

В целом, сообщаем, что 274 пункт Предвыборной программы партии Nur Otan по модернизации 3 500 сел находится на постоянном контроле Правительства.

Приложение: План мероприятий на 4 листах (на государственном и русском языках)

**Первый Заместитель
Премьер-Министра
Республики Казахстан**

А. Смаилов

ЖОБА

Бекітілді
Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің Орынбасары
_____ Р. В. Скляр

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының 274-тармағын орындау жөніндегі 2025 жылға дейінгі ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Даму әлеуеті бар ауылдарда (тірек, спутниктік) іске асырылатын жобалардың жобалау-сметалық құжаттамасын уақтылы әзірлеуді қамтамасыз ету	жыл сайын	Облыс әкімдіктері
2	«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде қаржыландыру үшін даму әлеуеті бар ауылдарды сапалы іріктеуді қамтамасыз ету, бұл ретте мыналарды: - онда өңірлік стандарттар жүйесі деңгейінің ең төмен пайызы байқалатын халық саны ең көп тірек ауылдар (бірінші кезектегі қажеттілік инфрақұрылымына байланысты) - халық саны ең көп, оның ішінде спутниктік ауылдары бар халықтың жалпы саны бар тірек ауылдар (кластер)	жыл сайын	Облыс әкімдіктері, ҰЭМ
3	Ұлттық экономика министрлігіне тиісті құжаттамамен бюджеттік өтінімдерді бюджеттік заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету	жыл сайын 15 наурызға дейін	Облыс әкімдіктері
4	Бюджет заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде Қаржы министрлігіне тиісті құжаттамамен бюджеттік өтінімдерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету	жыл сайын 15 мамырға дейін	ҰЭМ

5	«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберіндегі жобалар тізбесін салалық министрліктермен келісу		Облыс әкімдіктері, БҒМ, МСМ, ДСМ, ИИДМ, ЭМ, ҰЭМ
6	3 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде лимитті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне және облыс әкімдіктеріне жеткізу	жыл сайын 1 қыркүйекке дейін	МФ, МНЭ
7	Республикалық бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі салдарынан өңірлік стандарттар жүйесінің деңгейі 100% дейін жеткізілмеген тірек ауылдарда жобаларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету	жыл сайын	Облыс әкімдіктері
8	Тірек және спутниктік ауылдарда инфрақұрылым салу бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жандандыру	жыл сайын	Облыс әкімдіктері
9	Спутниктік ауылдарда бірінші кезектегі қажеттілік объектілерін салу және жөндеу бойынша инвестициялар тарту жұмыстарын жандандыру	жыл сайын	Облыс әкімдіктері
10	Қаражатты игеру бойынша, сондай-ақ аяқталған жобалар бойынша Easy project платформасын жаңартуды тұрақты мониторингілеу бойынша шаралар қабылдау	жыл сайын	Облыс әкімдіктері, ҰЭМ
11	«Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде іске асырылатын жобаларды көзбен шолу үшін өңірлерге шығу	тұрақты	ҰЭМ

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ҚМ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ПРОЕКТ

Утверждено
Заместитель Премьер-Министра
Республики Казахстан
_____ Р.В. Скляр

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ до 2025 года по исполнению пункта 274 Предвыборной программы партии «Nur Otan»

№	Наименование мероприятий	Срок исполнения	Ответственные исполнители
1	2	3	4
1	Обеспечить своевременную разработку проектно-сметной документации проектов, реализуемых в селах с потенциалом развития (опорные, спутниковые)	ежегодно	Акиматы областей
2	Обеспечить качественный отбор сел с потенциалом развития для финансирования в рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі», при этом рассматривать: -опорные села с наибольшей численностью населения, где отмечается наименее низкий процент уровня системы региональных стандартов (из-за инфраструктуры первоочередной необходимости) -опорные села с наибольшей численностью населения, в том числе с общей численностью населения со спутниковыми селами (кластер)	ежегодно	Акиматы областей, МНЭ
3	Обеспечить своевременное предоставление бюджетных заявок с соответствующей документацией в Министерство национальной экономики, в установленный срок в соответствии с бюджетным законодательством	ежегодно до 15 марта	Акиматы областей

4	Обеспечить своевременное предоставление бюджетных заявок с соответствующей документацией в Министерство финансов, в установленный срок в соответствии с бюджетным законодательством	ежегодно до 15 мая	МНЭ
5	Согласование перечня проектов в рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі» с отраслевыми министерствами		Акиматы областей, МОН, МКС, МЗ, МИИР, МЭ, МНЭ
6	В рамках формирования республиканского бюджета на 3 года доводить до администратора бюджетных программ и акиматов областей лимит	ежегодно до 1 сентября	МФ, МНЭ
7	Обеспечить финансирование проектов за счет средств местного бюджета, в опорных селах, которые из-за недостаточности финансирования из республиканского бюджета не доведены до 100% уровня системы региональных стандартов	ежегодно	Акиматы областей
8	Активизировать механизмы государственно-частного партнерства по строительству инфраструктуры в опорных и спутниковых селах	ежегодно	Акиматы областей
9	Активизировать работу по привлечению инвестиций по строительству и ремонту объектов первоочередной необходимости в спутниковых селах	ежегодно	Акиматы областей
10	Принять меры по постоянному мониторингу обновления платформы Easy project по освоению средств, а также по завершенным проектам	ежегодно	Акиматы областей, МНЭ
11	Выезды в регионы для визуального осмотра реализуемых проектов в рамках «Ауыл – Ел бесігі»	постоянно	МНЭ

МЗ - Министерство здравоохранения Республики Казахстан

МИИР - Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

МКС - Министерство культуры и спорта Республики Казахстан

МНЭ - Министерство национальной экономики Республики Казахстан

МОН - Министерство образования и науки Республики Казахстан

МФ - Министерство финансов Республики Казахстан

МЭ - Министерство энергетики Республики Казахстан